

Степногорск қалалық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 5С-25/8 "Степногорск қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2016 жылғы 25 тамыздағы № 6С-8/4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 16 қыркүйекте № 5531 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2024 жылғы 9 ақпандағы № 8С-10/2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 09.02.2024 № 8С-10/2 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес Степногорск қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. "Степногорск қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" Степногорск қалалық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 5С-25/8 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3992 болып тіркелген, 2014 жылғы 30 қаңтарда "Степногорск ақшамы" және "Вечерний Степногорск" аймақтық қоғамдық-саяси газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Степногорск қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

2-тармағының 9), 10) тармақшалары жаңа редакцияда баяндалсын:

"9) уәкілдегі үйым – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облысы

бойынша филиалы – "Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы" департаменті Степногорск аудандық бөлімшесі;

10) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін кент, ауыл, ауылдық округ, қала әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;";

9-тармағы жаңа редакцияда баяндалсын:

"9. Әлеуметтік көмек алушылардың келесі санаттарына:

Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне;

Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға;

Ұлы Отан соғысының қатысуышыларына теңестірілген басқа да санаттағы тұлғаларға;

ең төмен зейнетақы алатын және жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын егде жастағы тұлғаларға;

1, 2, 3 топтағы мүгедектерге;

мүгедек балаларға;

табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан зардал шеккен азаматтарға (отбасыларға);

катерлі ісік ауруымен ауыратындарға;

туберкулезбен ауыратындарға;

жетім және көп балалы, аз қамтылған отбасылардың студенттеріне беріледі.

Бұл ретте азаматтарды өмірлік қыын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;

2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

3) ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,7 еселік мөлшерінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы негіздеме болып табылады.";

12-тармағы келесі мазмұндағы 1-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"1-1) Степногорск қаласының мемлекеттік медициналық мекемелерімен жұмысқа орналасу туралы шарт жасаған, жоғарғы медициналық оқу орындарында оқитын жетім және көп балалы, аз қамтылған отбасылардың студенттеріне, жетім, көп балалы отбасы санатын растайтын анықтама немесе өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға жататынын растайтын анықтама негізінде жылдық оқу құны мөлшерінде төлемге жергілікті бюджет есебінен";

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат  
сессиясының төрағасы

*A.Дүйсенов*

Қалалық мәслихаттың  
хатшысы

*F.Көпееva*

"КЕЛІСІЛДІ"

Степногорск қаласының әкімі

*Ә.Кұмпекеев*

25.08.2016 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК